

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

География және табиғатты пайдалану факультеті

Картография және геоинформатика кафедрасы



География және табиғатты пайдалану  
факультетінің деканы

В.Г.Сальников

хаттама № 1 «25» 06. 2016 ж.

**5B071100-«Геодезия және картография» мамандығы  
дипломалды практикасының**

**БАҒДАРЛАМАСЫ**

4 курс

8 семестр

Практика мерзімі – 2 апта

Алматы 2016

«5B07100-Геодезия және картография» мамандығы бойынша өндірістік практиканың бағдарламасын дайындаған картография және геоинформатика кафедрасының аға оқытушысы Р.О.Турапова

Картография және геоинформатика кафедрасының мәжілісінде каралып ұсынылды.

№ 34 хаттама «26» 04.2016 ж.

Кафедра менгерушісі  Х.М. Касымканова

Факультеттің әдістемелік (бюро) кеңесінде ұсынылды

хаттама № 6 «04» 05.2016 ж.

Төрағасы (Төрайымы)  К. Ж. Дүйсебаева

**5B071100-«Геодезия және картография» мамандығының 4-курс  
студенттерінің диплом алды практикасының**

**БАҒДАРЛАМАСЫ**

**1. Практиканың мақсаты мен міндеттері**

Диплом алды практикасы студенттердің білім алуының аяқтау кезеңі болып табылады және студенттер негізгі теориялық және практикалық білім жинаған соң өткізіледі және олардың алдына маман ретінде, әрі өз бетінше зерттеу жұмысын жүргізу тәжірибесін жинау мақсаты қойылады. Практика кезінде әрбір студент өз диплом жұмысын жазуға қажетті материалдарды жинаумен, талдаумен және қорытындылаумен айналысады.

Практика профильді мамандандырылған мекемелерде, ұйымдарда және Университеттің ғылыми институттарында маман немесе машықтанушы болып жұмыс істейді. Практика өтетін орындарға көпжылғы келісім бойынша негізгі базалар таңдалады. Сондай ақ, ҚР-ның кез келген облысында орналасқан ұйымдар мен мекемелер бола алады. Арнайы құжаттар болса, басқа елдерде де өтуге мүмкіндік бар. Осы мекемелермен жұмыс беру туралы келісім алған студенттер сол келісілген жерлерде практика өтуге құқылы.

Практиканы әр студент өзінің болашақта жұмыс жасайтын мекемесінде тәжірибеші ретінде өтеді. Өндірістік практиканың мазмұнын студенттің диплом жұмысының бағытымен байланыстырған жөн.

«Геодезия және картография» мамандығының студенттері алдын ала жасалынған келісім шарт негізінде шыққан бұйрық бойынша бекітілген өнеркәсіп орындарына практика өтуге жіберіледі.

Практиканы әр студент өзінің болашақта жұмыс жасайтын мекемесінде тәжірибеші ретінде өтеді. Өндірістік практиканың мазмұнын студенттің диплом жұмысының бағытымен байланыстырған жөн.

Өндірістегі жетекші-маманмен бірлесе отырып, практика бағдарламасына сай, жасалынатын жұмыстың әр бөлімінің орындалу уақытының кесетесі жасалынады.

Диплом алды практикасы аяқталған соң әр студент өзі жасаған жұмысының негізінде есеп жазады, оны диплом жұмысын жазу барысында қолдану ұсынылады.

Практиканың өту ерекшеліктері. Студенттер диплом алды практикасын өз жұмыс орны бойынша өте алады, егерде студент орындайтын жұмыстың сипаты Университетте оқитын мамандығының бағытына сәйкес келсе. Бұл

жағдайда студент деканатқа өнеркәсіп орны мен университет арасында жасалынған өзара келісім шартты көрсетуі шарт.

Практиканы ұйымдастыру талаптары. Студенттердің диплом алды практикасы профилді өнеркәсіп орындарында, ұжымдарында және Университеттің ғылыми бөлімшелерінде өтеді. Сондай-ақ мамандандырылған маусымдық немесе студенттік отрядтардың (оның ішінде далалық зерттеу жұмыстары) қатарында өтуге болады. Практика өтер алдында тәжірибе жетекшілері университеттен студенттерге еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік ережелері, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөнінде инструктаж жүргізеді.

Практика өтетін орын. Практика өтетін орындарға көпжылғы келісім бойынша негізгі базалар таңдалады. Сондай ақ, ҚР-ның кез келген облысында орналасқан ұйымдар мен мекемелер бола алады. Арнайы құжаттар болса, басқа елдерде де өтуге мүмкіндік бар. Осы мекемелермен жұмыс беру туралы келісім алған студенттер сол келісілген жерлерде практика өтуге құқылы.

## **2. Практиканың мазмұны**

Студент өзі практика өтетін жеріндегі жетекші маманмен бірлесе отырып, өзінің атқаратын жеке жұмысын құрастырады. Өнеркәсіп орнының спецификасы картографиялық және геодезиялық жұмыс кешенінің бағытын анықтайды.

Өндіріс орнының толық технологиялық кезеңдерімен студент толық танысуы қажет. Бастапқы кезеңде негізгі картографиялық ақпарат көздеріне шолу және талдау жүргізіледі. Оның ішінде түсірімдер материалдары, геодезиялық мәліметтер, әуеғарыштық зерделеу деректері, графикалық материалдар, статистикалық мәліметтер және лабораториялық талдау нәтижелері.

Картаны құрастыру кезінде студент картографиялық проекциялар ерекшеліктерін білуі қажет. Практика кезінде оны тұрғызу, таңдау, құрастыру әдістерін меңгергендігін көрсетуі шарт. Жұмыстың бұл кезеңінде әртүрлі картографиялық проекцияларды қолдану барысында тәжірибе жинақтау болып табылады. Алдымен жұмыс жасау барысында қолданылатын проекциялардың тізімін жасап, оның әрқайсысындағы атқарылған жұмыстың ерекшелігін көрсету керек.

Тақырыптық карталар тұрғызу кезінде студент қолданылған картографиялық, ақпараттық және қашықтықтан зерделеу материалдарын көрсетуі қажет.

Негізгі кезеңде карта мазмұны өңделеді. Оған жасалынған классификациялар, суммарлы жүктеменің анықтамасы, бейнелеу тәсілдері кіреді. Әр студент қажетті картографиялау саласындағы әдістемелік нұсқаулар мен бекітілген стандартты шартты белгілерді оқуы және оны міндетті түрде қолдануы қажет. Сонымен қатар картографиялау объектісін, қолда бар ақпараттар мен мәліметтер негізінде зерттеп және оған жалпы сипаттама береді. Арнайы терминдерге сөздік жасайды.

Студент карта шығару бөлімінің жұмыс технологиясын және түпнұсқалардың дайындалу ерекшеліктерін толық білуі, картаны ГАЗ технологиясын қолдана отырып құрастыру әдістерін меңгеруі қажет.

Ал геодезиялық кәсіпорындарда практика өткен студенттер геодезиялық жұмыстардың орындалу тәртібін, геодезиялық жұмыстарды жүргізуді, геодезиялық құралдар мен жаңа аспаптарды меңгеріп қана қоймай, олармен жұмыс жүргізуді толық меңгеруі қажет.

### **3. Практика есебінің безендірілуі және қорғалуы**

Практика аяқтаған соң әр студент қысқа түсініктемеден, практика журналынан және жасалынған картадар тұратын есеп жазады.

Түсініктеме қағазда орындалған практиканың түрлі уақытына қысқаша түсініктеме беріледі. Есеп ондірістік практиканың мазмұнындағы барлық бөлімдерді қамту қажет.

Есеп келесідей талаптармен жасалуы тиіс: студенттің жұмысы жайлы пікір (мінездеме), күнделік – студенттің жұмыс орны сипатталады, студенттің практика кезіндегі атқарған міндетті. Өндірістегі практика жетекшісінің қолы, бірінші титулдық бетте, мініздемісінде, күнделігінде болып, оны бекіткен мекеменің мөрі болуы тиіс. Есеп университеттегі практика жетекшісіне тексеріледі содан кейін қорғауға жіберіледі.

Кіріспеде тақырыптық маңыздылығы, мақсаты мен ғылыми жұмыстың тапсырмасы көрсетіледі. Есептің тақырыбына сай ғылыми мәселердің қазіргі жағдайы, жаңа және жұмыстың құрылымдары қысқаша сипатталады. Негізгі бөлімнің сөйлемдерінде әдістемелерін, мазмұнын, аралық және соңғы нәтижелердің зерттелуі болуы тиіс. Әрбір бөлімнің соңында мейілінше қысқаша қорытындылап негізгі ойлады қорсету керек. Қорытындыда жалпы жұмыстың қорытындысы, алынған нәтижелерден негізгі қорытындылар алынады. Қорытындыға қойылатын маңызды талаптардың бірі – оның қысқы әрі нақты болуы. Сөйлемдердің нақтылы мәліметтері ретінде (жарылымдар, профильдер, картографиялық және графикалық материалдар және т.б), көмекші сипаттама ретінде беріледі.



Есепті әдеби және графикалық безендіру қорғаудағы бағаға әсер ететін негізгі факторлар болып табылатындықтан, ол университеттің талаптарына сай жасалынуы керек.

Әдебиеттерге дұрыс сілтеме жасалып, әрі олардың жазылуы да дұрыс болуы шарт.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі да талаптарға сай жасалынады. Тізімге барлық әдебиеттер (жарияланған, жарияланбаған) кіреді.

Есепті қорғар алдында практика жетекшісі студенттің «Универ жүйесі» бойынша электронды практика күнделігін күнделікті толтырғандығын тексеріп, қорғауға рұқсат береді.

Практика есебі кафедра тарапынан құрылған комиссия алдында қорғалады. Студенттің алған бағасы практика күнделігіне, сынақ кітапшасына және ведомостқа қойылып бекітіледі.